

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!

№11 (561) 15 желтоқсан 2022 жыл

Zhangir

2004 жылдың
наурыз айынан шығады



ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

БҚАТУ-ДЫҢ БЕДЕЛДІ ТҰЛҒАСЫ 70-КЕ ТОЛДЫ

Жуырда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғылыми кеңесінің кезекті жиыны ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, құрметті ұстаз Мәди Габдуловтың 70 жасына арналды.

Мерейтой иесіне басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы Наметов құттықтау хат табыстап, ақжарма тілегін арнады. Сонымен қатар кеңес отырысына келген Мәди Әсетұлының әріптестері мен шәкірттері де ұлағатты ұстазды мерейлі жасымен құттықтап, мерейін үстеді. Әсіресе, ғалым-ұстаздың шәкірттері бүгінде абыройлы қызмет етіп, еліміздің ауыл шаруашылық саласының дамуына еселі еңбек етіп жүргенін атап өту керек. Олардың арасында аудан әкімдері, ірі компаниялардың басшылары және өзге де білікті маман иелері бар.

Шәкірттері Мәди Әсетұлының іскер маман, өнегелі ұстаз, көрнекті ғалым ғана емес, адамгершілігі мол, мейірімді, қамқор, жанашыр азамат екенін ерекше толқыныспен әңгімелейді. Университет пен өңірімізден

тыс елімізге танымал тұлға екенін жеткізді. Кеш соңында сөз алған мерейтой иесі университет басшылығына, ұжымға, келген қонақтарға шынайы алғысын білдірді.

Шәкірттерін сөйлетсек...

Зәмзағұл АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ, доценттің міндетін атқарушы:

– Мәди Әсетұлы 2007-2014 жылдары бакалаврда, магистратурада оқып жүргенде маған сабақ берген еді. Магистратурада ғылыми жетекші болды. Ұстаздың жақсы қырлары өте көп. Адалдығы, білімділігі, білгірлігі біздің ой-өрісімізді кеңейтті. Өзінің білгенін шәкірттеріне үйретуден жалықпайды, адамды ішкі дүниесінен тани біледі. Ұлағатты ұстаз, іскер басшы екені бір бөлек әңгіме. Қазір ұстазыммен әріптес болып, бірге еңбек жолын жалғастырудамын. Әлі күнге дейін ақылшымыз болып келеді.

Ерғали АЮПОВ, «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінің жетекшісі, PhD доктор:

– Мәди Әсетұлы 2012-2014 жылдары докторантура бойынша білім алып жүрген



кезде ғылыми жетекші болды. Ұстазымыз жан-жақты, адамгершілігі мол, тәжірибесі жеткілікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан-Түркия мемлекетаралық келісімшарты негізінде Анкара мемлекет-

тік университетінде тағылымдамадан өтіп келді. Аға буынның өкілі болса да, жастармен бірге заман ағымынан қалыспай келеді. Осындай білікті ғалымнан көп нәрсені санамызға тоқыдық, әлі де үйренудеміз.

«Ұстаздарға мың алғыс!»

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 60 жылдық мерейтойына қарсаңында Политехникалық институтта осындай атаумен ұстаздар галереясы ашылды.

Институт түлектерінің бас-тамасымен жасақталған ұстаздар галереясына БҚАТУ басшылығы қолдау көрсетті. Галереяның ашылу салтанатында сөз алған Политехникалық институттың қамқоршылық кеңесінің төрағасы, университеттің 1980 жылғы түлегі Александр Әжіғалиев түлектердің бастамаларына әр кез қолдау білдіретін басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы бастаған басшылыққа алғысын жаудырды.

– Қамқоршылық кеңестің құрамына университеттің 1968



жылдан бергі түлектері бірігіп, өздері қаржы жинап, үлкен жұмыстар атқарып келеді. Биыл институт ғимаратының аумағын абаттандырып, саябақ жасақтап, субұрқак орнаттық. Сонымен қатар университет қабырғасында білім берген ұстаздарымызға

құрмет көрсету мақсатында бүгінгі галереяны ашып отырмыз. Әрине, бұл жерге барлық оқытушыларымызды қамти алмадық. Алдағы уақытта электронды естелік кітап құрастырып, оған өндірістік оқыту шеберлері мен зертханашылардан бастап өзге де оқытушылардың есімдерін енгізу жоспарымызда бар. Сол ұлағатты ұстаздарымыз берген білім мен тәрбиенің арқасында еліміздің әр саласында қызмет етіп, бүгінгі дәрежеге жеттік, – деді Александр Құмарұлы.

Профессор-оқытушылар құрамының атынан сөз алған ардагер ұстаз, ЖАК доценті Майдан Бралиев бұл галереяның өскелең ұрпақ үшін маңызы зор екенін атап өтіп, осындай естелікке толы тарту жасаған түлектерге ризашылығын жеткізді.

Ұстаздар галереясының лента-

сын кию рәсімі «Политехникалық институт» директоры, техника ғылымдарының кандидаты Жанна Құбашеваға және институт түлектері Василий Железнов пен Андрей Борсаға ұсынылды. Бұдан соң қонақтар Политехникалық институтта жемісті еңбек еткен, университеттің дамуына өз үлестерін қосқан ғалым-ұстаздардың фотосуреттері қойылған галереяны тамашалады.

Мерекелік іс-шара қамқоршылық кеңес мүшелерінің

Ал Политехникалық институт директоры Жанна Қайыржанқызы институттың бүгінгі тынысына тоқталып, оқыту бағдарламалары туралы баяндады. Басқосу соңында игі істердің басы-қасында жүрген қамқоршылық кеңестің мүшелері мен институт түлектеріне басқарма төрағасы-ректордың алғыс хаттары табысталды.

Еске сала кетсек, 60 жылдық тарихы бар Жәңгір хан университетінің «Поли-



отырысымен жалғасты. Жиынға басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, профессор-оқытушылар құрамы және түлектер қатысты. Университет ректоры Асқар Мырзахметұлы қазіргі білім беру бағдарламаларының артықшылығы, технологияның даму барысы жайлы сөз қозғады.

техникалық институты» да түрлі тарихи кезенді өткерді. Айталық, 1963 жылы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру факультеті» болып ашылса, 2000 жылы «Политехникалық факультет» болып өзгертілді. 2019 жылдан бері «Политехникалық институт» деп аталады.





Мерекелер қатар келген туған күн



ОҚАЕВ МАРАТ ҚАЙРЛЫҰЛЫ
16.12.1959

Агротехнологиялық институтының директоры, доцент, техника ғылымдарының кандидаты



БЕРСЕКЕНЕВ БАУРЖАН САТАЕВИЧ
16.12.1969

Автотракторлық парк жүргізушісі



АБЫЛАЙХАН ӨМІРБЕКҰЛЫ
16.12.2003

Политехникалық институтының «Өндірістегі тіршілік қауіпсіздігі» мамандығының 3-курс студенті.



МИРЛАН КАРИМОВ
16.12.2001

Политехникалық институтының «Өндірістегі тіршілік қауіпсіздігі» мамандығының 4-курс студенті.



ЕСІЛ САҒЫНАЙ
16.12.2002

Агротехнологиялық институтының «Жерге орналастыру» мамандығының 3-курс студенті



ЕСЕТ МҰХАМБЕТҚАЛИ
16.12.2002

Агротехнологиялық институтының «Жерге орналастыру» мамандығының 3-курс студенті



Мерген


16 желтоқсан күні туған жандар — жұлдызнама бойынша мерген белгісінде дүниеге келгендер. Жоғарыдағы туған күн иелерін де жеке мерекелерімен құттықтай келе, аталған жұлдызнама бойынша мінездеме бере кетуді жөн көрдік.

Мергендер еркіндіксүйгіш, ойшыл, шыншыл. Бұл жұлдыз белгісінде туғандар — жолы болғыш жандар. Олар аяғына нық тұра алады, өздеріне сенімді, денсаулығы мықты және қызмет саласында биіктерден көрінеді. Мерген белгісі жебесін аспанға кезеген бейнеде суреттеледі, сондықтан Мергендер қашан да алдына биік мақсаттар қоя біледі. Олар өмірде табысқа қол жеткізеді және арман-мақсаттарын іске асырады. Мергендер өмірден нені қалайтынын түсінбеген сәтте ғана жабығады. Бірақ мақсаттарын айқындағанда, оны жүзеге асыруға бірден кіріседі. Мұндай жандарға ләззат сыйлайтын белсенді жұмыс ұнайды. Тұрақтылық Мергендерді зеріктіреді.

Мерген — белсенді жұлдыз белгісі. Оны аңғармай мүмкін емес. Мергендер стратег немесе қарапайым атқарушы болса да, үнемі әр нәрсеге білек сыбана кірісіп, соңына дейін жеткізеді. Сонымен қатар олар ойланбастан әрі қорқынышсыз тәуекелге бел буады.

Мергендердің сақтығын қорқақтықпен шатастырудың қажеті жоқ. Дәл осы жұлдыз белгісінде туған адамдардың арасында қауіпті мамандық өкілдері мен спорттың қауіпті түрлерін ұнататындар көп. Мергендердің табиғатынан берілген бейімділігі оларға қауіпті жағдайларда жаракаттанудан қашып құтылуға көмектеседі.

P.S. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнінде дүниеге келген туған күн иелерінің біріне сыйлығымыз бар. Шартымыз: «Заңгар» газетінің осы нөмірін бірінші болып оқып, өзінің суретін газеттен алғашқы болып көрген туған күн иесі Медиа орталыққа келуі керек. Бас ғимарат, 206-бөлме.



IT саласының мамандарына сұраныс жоғары

Бүгінде цифрландыру әлемдік ауқымдағы трендке айналды. Дамыған елдің барлығы цифрлық саясатты қолға алып, даму қарқынын арттыруға күш салып жатыр. Десе де, инновация мен технология тілін түсінетін, оны жүргізетін мамандар тапшы.

Сол тапшылық IT-саласының дамуына кері әсерін тигізіп, цифрлық экономиканы жүргізуге, озық технологияның игілігін көруге кедергі келтіріп келеді. IT-маманның аздығы тек Қазақстанда емес, бүкіл әлем елдерінде бар үлкен мәселе. Инновация мен технология күн сайын жаңарған заманда оларға сұраныс та арта түсті. Әлемдік рейтинг бойынша, ең қажет мамандықтар тізімінде IT-мамандар екінші орын алады екен. Әлем сандық ақпараттар ағымымен болашаққа ілгері жылжып келеді, яғни IT саласының маманынсыз болашағымызды елестету мүмкін емес. Болжамдарға сүйенсек, 2030 жылға таман бірнеше жаңа мамандық қалыптасады, әрі барлығы технологиямен тығыз байланыста болады. Біз білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды және цифрландыруды жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар мен идеяларды қабылдауға дайынбыз. «Менің ойымша, әріптестеріміз министрлік тарапынан цифровизация мен кадрларды даярлауға қатысты атқарылған жұмыстармен толыққанды таныса алды. Білім және ғылым министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бұл мәселелерге қатысты мақсат-міндеттері ортақ. Сондықтан тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін жұмысты бірігіп атқару қажет» деп жазды ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов.

Бүгінгі таңда университеттер студенттерге қарқынды дамып келе жатқан ақпараттық технологиялардағы өзгерістер жайлы уақытлы білім беруге үлгеруге атсалысуда. Ал өндірістік салалар бірден жұмысқа кірісіп кететін дайын мамандарды қажет етуде. Осындай көкейкесті мәселелерді шешу үшін жұмыс берушілер мамандарды даярлау процесіне қатысу қажет, әрі студенттерге тәжірибелік білім беру арқылы олардың кәсіби дамуларына бағыт-бағдар берулері тиіс.

«Әлемдік ауқымда алар болсақ, Қазақстан мұнай саласында аса бір мықты бәсекелес емес, аграрлық секторда да соншалықты емес, өндірісте де алда емеспіз. Біз қай салада бәсекеге қабілетті бола аламыз? Бізде адам әлеуеті лайықты бағаланбаған деп санаймын. Қазіргі таңда IT саласында да білікті маман болу үшін Америкаға бару міндетті емес. Бізде бәрі де бар. Биотехнологияларға IT қосылса, серпін береді, аграрлық салаға да IT араласса, алға жылжиды. Көп білімді интеграциялау бізді жетілдіреді, басқа елмен бәсекелес бола аламыз» деді «MIRUSDESK» компаниясының негізін қалаушы Мирус Құрмашев. Сөзінің жаны бар.

IT саласында мамандардың тапшылығы өткір. Яндекс білім беру қызметінің басшысы И.Залескийдің айтуынша, төрт жылда фронт-энд, веб-әзірлеушілер мен деректер талдаушылары үшін бос жұмыс орындарының саны 140%-ға өсті. Сондықтан білім беру мекемелері мен IT нарығының жетекші сарапшылары арасында ынтымақтастық орнату өте маңызды. Мұндай өзара әрекеттесудің мысалдары ретінде Технопарк Mail.Ru және Technosphere Mail.Ru білім беру бағдарламаларын келтіруге болады, ондай курстарды үнемі тәжірибелі әзірлеушілер жүргізеді, сондай-ақ IT кәсіптерін оқытуға арналған Яндекс қызметі, Practice жобасы Ресей



Федерациясының Ғылым министрлігі тарапынан қолдау тауып, жоғары білім беру жүйесіне IT мамандарының тапшылығын азайтуға көмектеседі.

Жоғары оқу орнының түлегінде құзыреттіліктерді қалыптастыру білім беру бағдарламасын оның бағытына сәйкес және кәсіби құзыреттер тобына баса назар аудара отырып меңгеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ кадрлармен қамтамасыз етуге қойылатын міндетті талаптарды орындау негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Кадрлық қамтамасыз ету өз кезегінде педагогикалық қызметкерлердің үлесімен де анықталады, түлектердің болашақ кәсіби қызметіне сәйкес салаларда жұмыс істейтін ұйымдардың басшылары немесе қызметкерлері болып табылатын тұлғалар. Бұл жағдайдан шығудың жолы бизнес пен білімнің нақты өзара әрекеттестігі бойынша жүйелі жұмыс болуы мүмкін, атап айтқанда:

- қорытынды сертификаттау жұмысы шеңберінде бизнестің өзекті мәселелерін шешу;

- студенттердің IT-сферадағы өндірістегі тікелей жұмысы;

- серіктес кәсіпорындарда кафедра оқытушыларының тағылымдамадан өтуі;

- өндірістік мәселелер бойынша өзекті зерттеулерді ұйымдастыру.

Бүгінде университеттің білім беру бағдарламалары «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бағалауында көш бастап тұр. Университет басшыларының көпшілігі IT пәндерін оқытудың мазмұны мен деңгейіне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін әлеуетті жұмыс беруші мен университет арасында тығыз өзара іс-қимыл қажет екендігімен келіседі. Сонымен қатар жұмыс берушілердің үмітін қанағаттандыру үшін, үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін оқу үдерісіне қандай мамандарды тарту мәселесін зерттеп, талдау қажет. Тәжірибелік білім берушілердің өздері үшін сабаққа дайындалу процесінде теориялық білім қажеттігін кеңейту бойынша жұмыстарды, оның ішінде оқытудағы қосымша тәжірибе мен дағдыларды алу үшін біліктілікті арттыру курстары түрінде жүргізу қажет. Жұмыс берушілердің қазіргі талаптарына сәйкес кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін жоғары білім беру жүйесіне бизнес ортасынан әдістер мен құралдарды енгізу, сондай-ақ оқу үдерісіне білім берушілер мен IT-компаниялардың жетекші мамандарын тарту тәжірибесін жалғастыру қажет. Теорияның практикада қолданылуын көрсету үшін шеберлік сабақтары IT-мамандығын алушы білім алушыларға өткізілуде. Осы айтылған мәселелер бойынша Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде екінші, үшінші және төртінші курс білім алушыларына практикаға бағытталған сабақтар IT GRUP, IT Hub, «Torus» ЖШС, IT ресурстарын жоспарлау және дамыту мекемелерінде өткізілуде.

ЖОО бойынша IT-мамандар еліміздегі оқу орындарында даярланады. Жәңгір

хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде де IT-мамандар даярлануда. Ақпараттық технология заманы осы салада жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Бүгінгі таңда ең танымал IT мамандықтар мыналарды қамтиды:

- ақпараттық технологиялар;
- есептеу техникасы;
- мультимедиялық;
- бағдарламалық қамтамасыз ету;
- бағдарламалау.

IT білім беру саласында бірқатар проблемаларды анықтауға болады, олардың бірі – IT саласында да, білім беру саласында да жұмыс істейтін мамандардың жетіспеушілігі болып табылады. Оқу процесін жоғары деңгейдегі кадрлармен қамтамасыз ету қаржылық шығындарды талап етеді. Олардың жетіспеушілігінен мамандардың білім беру саласынан коммерциялық салаға кетуі байқалады. Нәтижесінде, университет ұсынатын академиялық білімнің міндетті негізіне қарамастан студенттерде IT саласында жұмыс істеуде практикалық дағдылар жетіспейді.

Университеттердің оқу бағдарламалары сапалы болуы үшін оларға кәсіби стандарттар қажет. Оларды жұмыс берушілердің өздері дайындайды. Білім беру бағдарламалары сол стандарттардың негізінде жасалуы керек. Цифрландыру саласындағы әріптестеріміз осы бағыттағы жұмысқа араласып, бізді кәсіби стандарттармен қамтамасыз етеді.

Оқыту білім беру стандарттарына сәйкес жүргізілетін оқу орнының түлегі әрқашан кәсіби стандарттарға сай бола бермейді. Осылайша, NakerRank интернет-рекрутинг қызметінің зерттеуіне сәйкес, респонденттердің 70%-ы IT саласында өзін-өзі оқытады. Олардың пікірінше, IT білім беретін университетіміздің білім алушылары болашақ маман ретінде нақты тәжірибемен алға басуы керек. Бұл IT саласының даму қарқынының жоғары болуы үшін білім алушыларға стандартқа сай білім беру керек.

Бүгінгі таңда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде IT бағытындағы мамандарды даярлау бойынша пайдаланылып жатқан білім беру бағдарламалары қолданылуда. IT саласына қажетті студенттер мен магистранттар оқытылуда. IT саласының ғылыммен де айналу мақсаты іске асуда. Атап айтсақ, қазақстандық, еуропалық университеттермен бірігіп отырып, «Ақпараттық технология» жоғарғы мектебінің және IT мамандарының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан компьютерлік ғылымдар саласындағы доктаранттар мен жас зерттеушілерге арналған озық орталық ACeSYRI-ERASMUS+ жобасы IT саласы бойынша дәлел болады.

IT бағытындағы инженер-техник, бағдарламашылар – арнайы математикалық модельдеудің көмегімен компьютерлік бағдарламаларды және

алгоритмдерді құрастыратын мамандар. Бағдарламашыларды салаларға байланысты үшке бөліп қарауға болады. Қолданбалы бағдарламашылар көбіне ойындар, есептеу бағдарламалары, редакторлар мен мессенджерлерді қамтамасыз ететін бағдарламаларды жабдықтаумен айналысады. Олардың саласындағы жұмыстарға тағы да жүйелі бейне және аудио бақылаулар орнату, от өшіру жүйелері мен сигнал беру жабдықтарын жатқызуға болады. Жүйелік бағдарламашылар операциялық жүйелерді, желі платформаларын, интерфейс жабдықтарын, әр түрлі ақпарат орталықтарын жинақтайтын ғаламтор беттерін жасаумен айналысады. Бұл саланың маманын жоғары төлемақыға ие бола алатындар қатарына жатқызамыз. Сонымен қатар олар бағдарламалық қамту жүйелерін (сервис), есептеуді қамтамасыз ететін блоктарды (процессор, коммуникациялық және перефериялық құрылғылар) да жасайды. Web-бағдарламашылар да желімен жұмыс жасайды. Дегенмен, олардың негізгі міндетіне ғаламтормен жұмыс істеу кіреді. Олар сайттардың бағдарламалармен қамтылуын, динамикалық веб-беттерді және дерекқормен жұмыс жасайтын web-интерфейстерді жасаумен айналысады. Web-технология жайлы сөз болғанда, ең әуелі web-сайттарды жасау ісін айтамыз.

Ақпараттық технология мамандығының ерекшеліктері:

- ғылыми-техникалық және өндірістік есептерді, математикалық модельдерді талдау мен алгоритмдік шешімдер арқылы есептеу жұмыстарын атқаратын бағдарламаларды құрастырады. Сондай-ақ олар автоматты, типтік және стандартты бағдарламаларды және сыртқы алгоритмдік тілдерді жасақтаумен жұмыс істейді.

Ал интернет бөлшегі және виртуальды әлем:

- Интернетті адам күнделікті өмірде қолданады. Verizon компаниясының болжамына сүйенсек, алдағы төрт жылда Жер тұрғындары қолданатын құрылғының ең болмағанда біреуі желіге қосылуы болмақ. Интернет бөлшегі тек интернет қана емес, осы уақытқа дейін қолданыста болған Bluetooth секілді бағдарламалар арқылы да жасалады.

Заманауи технологияның негізгі міндеті – техниканы дұрыс қолдану мүмкіндігін арттыру: ақылды тетіктерді басқару, бағдарламалар ағынынан қалмау және компьютер моделін адами болмысқа енгізу.

Қорыта айтқанда, бір маңызды мәселе – IT мектептерді дамыту болып табылады. IT мамандарға сұраныс артып келеді. Жалпы айтқанда IT саласын дамытпай ақпараттық технологияны басқару мүмкін емес. Сондықтан, елімізде IT мамандар, IT саласы трендке деп айтсақ болады. Бұл – тәжірибені барынша керек ететін, еңбекті көп қажет ететін мамандық. Болашақта дәстүрлі мамандықтарды жасанды зияткер иелері алмастырады. Әрине, қазіргі таңда компьютердің адамның күнделікті тіршілігіне интеграциясы орасан зор. Барлық салада да солай, оның араласпаған жері қалмады десем де болады. Бұл – бір жағынан уақыт талабы болса, бір жағынан ғылыми техникалық революцияның өркен жаюымен тығыз байланысты мәселе. Сонымен қатар, компьютердің адам өміріне енуі арқылы пайда болған жаңа салалар мен жаңа мамандықтар да жетерлік. Болашақта мемлекеттер арасындағы бәсеке халықтың компьютер сауатымен, жаңа технологияны енгізу қарқынымен өлшенеді. Цифрлық экономика қай деңгейде болса да, IT-мамандарға сұраныс азаймайды.

Ақмарал КАСИМОВА
«Ақпараттық жүйелер» жоғарғы мектебі профессорының м.а. педагогика ғылымдарының кандидаты



Улучшение подготовки бизнес планов

В Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете имени Жангир хана как предпринимательском вузе существует особое направление – изучение студентами 3 очного и 2 ускоренного отделения всех специальностей важного модуля «Основы бизнеса», куда входят две дисциплины «Экономика и основы предпринимательства» и «Бизнес планирование» с дальнейшей защитой бизнес планов и проектов во время второго семестра.

Уже несколько лет в составе высшей школы «Экономики и аудита» активно работает «Бизнес школа», которая занимается вопросами консультирования, обучения, подготовки и реализации студентами бизнес планов и проектов.



Поэтому, в целях улучшения качества высшего образования и подготовки студентами бизнес планов в Информационно-образовательном центре «Парасат» в течение двух недель с 7 по 22 ноября 2022 года библиографом Ш.Я.Сарсенгалиевой

и старшим библиотекарем читального зала Г.К.Хусаиновой была хорошо организована выставка отечественной и зарубежной литературы.

На выставке были продемонстрированы полезные книги и пособия, периодические журналы и электронные издания по взаимосвязанным экономическим дисциплинам «Экономика и основы предпринимательства» и «Бизнес планирование».

В итоге, более 250 студентов различных специальностей университета посетили выставку литературы и получили исчерпывающую информацию по актуальным вопросам, касающимся правильного бизнес планирования и эффективного предпринимательства.

Берик ХУСАИНОВ
ведущий специалист бизнес школы, доцент

Біріміз басшы, біріміз қосшы болдық

Бірнеше кезеге созылған іскерлік ойын білім алушылардың теориялық білімін нығайтуға, тәжірибе жинақтауға оң әсерін тигізді.

Әр пән бойынша студенттер, профессорлар мен зерттеушілер идеяларды жеткізуге, дәлелдер жасауға және ғылыми сұхбатқа қатысуға академиялық жазбаларды пайдаланады. Академиялық жазба нақты дәлелдермен, қажетті сөзді таңдаумен, логикалық ұйымдастырумен және жеке тұлғалық үнімен сипатталады.

Қыркүйектің 29-шы жұлдызында «Академиялық жазу» сабағы бойынша «Экономика және аудит» жоғарғы мектебінің доценті Берік Мерғалиұлы Хусаинов студенттерді бірнеше топқа бөліп, оларға отыз тапсырма жазуға берген болатын. Білім алушылар бірден іске кірісіп, тапсырмаларды орындай бастады.

Келесі күні плакаттарды сызуды бастадық, сонымен қатар ұстазымыз Skram және Sprint журналын қалай толтыру керектігін таныстырды. Студенттер аталған журналдарды толтыра бастады. Әрине, бұл тапсырма студенттерге қиыншылық тудырғаны жасырын емес.

Қазан айының 12-ші жұлдызында студенттер плакаттарды қабырғаға ілді. Әр топ өздерінің істеген жұмыстарына есеп берді. Олар өз жұмысын қорғаған студенттерге сұрақтарын қойды. Әр топ өздерінің жұмыстарына қанағаттанарлықтай бағаларын алды. Командалар өздерінің атаулары мен белгілерін таныстырды.



Айталық, Technology компаниясының директоры Оралбек Ізғали, Азат Джумагамбетов – директордың орынбасары. Ал Ақниет Ахметжанов ИТ маманы болса, Рамазан Жұмаш технолог қызметін атқарды.

Келесі Black Gold компаниясының директоры Амангелді Бекзат, менеджері – Қырымбек Зинетов. Ал Олжас Ердосбаев басшының орынбасары міндетін мойнына алса, Айнұр Ғұмарова бас есепші болды.

АЗС Prime компаниясының құрамына келсек, директоры – Ахат Аубакиров, қаржыгер – Әйгерім Досқалиева, инженер технолог – Диас Ғайса. Ал мен менеджер болып бекітілдім.

KAZmine компаниясының директоры Зарина Сайфитдинова болса, Бекзат Бекиев – ИТ маманы, Диас Садаров – менеджер, Асланбек Жайлыбек – геодезист болып жұмыс атқарды.

Нефрит компаниясының директоры – Ерасыл Избасаров. Одан әрі Альберт Ертелеуов – бас есепші, Жұмабек Баделов – қойма меңгерушісі, Алмас Айтқали – көлік басшысы жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды.

Profoil компаниясының директоры болып Анеля Бисакова бекітілсе, геолог қызметі Батыржан Абзалұлына, ИТ маманы лауазымы Ернұр Жанұзаққа, қаржыгердің жұмысы Мерей Батырғалиға тапсырылды.

Сөйтіп қараша айының 24-і күні іскерлік ойын ойнатылды. Ойынға студенттер классикалық үлгідегі киіммен келді. Ойынның ережесі бойынша әр топ өздері жайында айтып өтіп, өз презентацияларын қорғады. Берік Мерғалиұлы әр топқа 100 балдық бағалау жүйесімен бағасын берді. Сонымен тыңғылықты дайындалған ойынымыз өз мәресіне жетті.

Іскерлік ойын барысында әр топтың бір-біріне деген сыйластығы, ізеттілігі, ой-өрістерінің дамуы көрсетілді. Бұл ойын біздің теориялық білімімізді тәжірибелік іскерлікпен ұштастырып, жаңа серпін берді. Осындай іс-шараны ұйымдастырған Берік Мерғалиұлы Хусаиновқа алғысымызды білдіреміз.

Бек ҚҰЛТАЕВ
Индустриалды-технологиялық институтының студенті
ГРПИ-21

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Берлі ауданы әкімінің жұлдесіне арналған волейболдан әйелдер арасында ашық аудандық турнирде БҚАТУ командасы 1-орынды иеленді. Сонымен қатар, дәл осы құрам 1-3 желтоқсан күндері қалааралық қыздар командалары арасында өткен Хромтау қаласының ашық турнирінде жұлделі үшінші орынды жеңіп алды.



6-8 желтоқсан күндері Щучинск қаласында кол күресінен ерлер және әйелдер арасында Қазақстан Республикасының Кубогінде 70 келі салмақ дәрежесінде «Агротехнологиялық институтының» ЛР-11 тобының студенті Абунагимова Дильназ 1-орынға ие болып, спорт шебері атағын орындады.

«Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» 3-курс студенті Анастасия Панасович грек-рим, еркін және әйелдер күресінен өткен республикалық сайыста қола жұлдені қанжығалады. Атап айтқанда, бұл 54-ші ашық республикалық турнир Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, ҰОС-дағы Жеңістің 77 жылдығына және Кеңес Одағының ұшқыш-Батыры Нұркен Әбдіровты еске алуға арналған болатын.



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Бас маман
Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ
«Заңғар» газетінің маманы
Айдана ТЕМІРБАЙ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 561 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru